

№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық», «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Мүсіндеу, Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Инелік», «Көбелек және инелік».

Ересек «Балдырған» тобы

Өткізген тәрбиеші: Изгалиева М.Д.

2022 жыл

Өтпелі тақырып: «Өрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Шөпте не жорғалайды»

Білім беру саласы: «Шығармашылық» «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Мүсіндеу, Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Инелік», «Көбелек және инелік»

Мақсаты:

Білімділігі: Жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтарын арттыру. Көбелек пен инелікті таныстыруды жалғастыру. Айырмашылықтарын айту.

Дамытушылығы: Қолдың ұсақ бөлшектерін дамыта отырып, инелікті мүсіндеу.

Тәрбиелігі: Жәндіктерді қорғауға ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.

Әдіс тәсілі: Түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап, жұмбақ жасыру, слайдпен жұмыс, ғажайып сәт: ашық хат, мүсіндеу, «Шар жарылды» ойыны.

Көрнекі-құралдар: Жабайы жануарлар туралы суреттер, слайд,

Оқу қызметінің жүру барысы:

Арайлап бүгін таң атты,

Шашып бізге шапағын.

Қайырлы таң,

Қайырлы күн.

Достасқан бар балалар!

Балалар орындарына отырады.

Тәрбиеші: Слайд арқылы жыл мезгілін, ай аттарын, табиғатта болатын өзгерістер туралы сұрайды, жұмбақ жасырады. (Балалардың жауаптары) Оның артында жасырған бейне арқылы бүгінгі тақырыпты ашады. Бүгінгі тақырып: «Көбелек пен инелік» және «Инелікті мүсіндеу.

Слайдпен жұмыс: Көбелектер- әдемі және нәзік жәндік. Көбелек бірден пайда болмайды. Ол бірінші: жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ содан соң көбелек болып ұшады. Олардың құрлысына тоқталатын болсақ: басы, көзі, мұртшалары, денесі, қанаттары, аяқтары бар. Олар, мұртшаларымен және аяқтарымен дәм сезу қасиеттері дамыған. Есту қабілеті жақсы дамыған. Бір гүлден екінші гүлге қонып гүлдерді тозаңдандырады және гүлді күннің ыстығынан қорғайды, гүлдердің көбейюіне септігін тигізеді. Олардың қанаттары өте нәзік қолмен ұстауға болмайды. Егерде қолмен ұстасаң, ол ұша алмай қалады. Сондықтан, көбелектерді қорғауымыз керек.

Инелік- олардың түрлері өте көп. Инеліктің құлылысы: басы,көзі, денесі, қанаттары, мұртшалары, аяқтары болады. Олардың ауызы кеміруге бейімделген. Басында үлкен көздері бар. Мұртшалары қысқа, қанаттары торланып жүйеленген. Қонып тұрғанда қанаттарын жайып тұрады. Денесіне жинамайды. Қорегі: шыбын, маса, шіркей т.б.. Өз қорегін ауада ұшып жүріп ұстайды.Инелік пен көбелек жәндікке жатады. Оларды қорғауға тәрбиелеу.

Ғажайып сәт: жәндіктер әлемінен хат келеді. Хатта екі тапсыра бар екенін айтады.

Біріншісі: Сергіту сәті.

Екіншісі: Инелікті мүсіндеу.

Балалар әуенмен сергіту жаттығуын жасайды. Өз орындарына отырады.

Тәрбиеші: қолына ермексазды алып инелікті мүсіндеуді көрсетеді. Басы-дөңгелек, денесі ұзын сүйір, қанаттарын және көзін мүсіндеуді көрсетеді. Алақан арасына ермексазды алып басын дөңгелектейді, тақтайшаның үстіне қойып денесін созу арқылы бір жағын сүйірлеп жасайды. Қаттарын жаншу арзылы жасап үсіне қояды және көздерін бас бөлікке орналастырады. Жасалған жұмыстарын алдын ала дайындап қойған шөптерге орналастыру арқылы көрме дайындау.

Билингвальді компонент: көбелек-бабочка, инелік-стрекоза.

Шар жарылды ойыны арқылы бүгінгі оқу қызметін қортындылайды.

Балаларды мақтап мадақтау.